

## Гуманитарлық пәндер бірлестігінің «Жасанды интеллект дәуіріндегі тіл мен тарих» атты апталығында өткізілген ашық сабақтар мен іс-шараларға сараптама.

Мектебімізде 02-06.02 аралығында «Жасанды интеллект дәуіріндегі тіл мен тарих» атты гуманитарлық бірлестігінің апталығы өтті. Өткізілген іс-шаралар:

1-күн: Ашылу салтанаты

Апталықтың ашылуына пән мұғалімдері бір кісідей атсалысты. Бастауыш оқушылары мен орта буынның оқушылары және жоғары буын оқушылары тартылды. Әр сыныптан оқушылар қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Арнайы құрылған жоспар бойынша пән мұғалімдері өздерінің ашық сабақтары мен іс – шаралар өткізді. Ашылуында оқушыларға гуманитарлық пәндерінің мұғалімдері тартысты интеллектуалды ойындар ойнатты. Оқушыларға пән бойынша сұрақтар қойылды. Ұстаздар мен оқушылар жақсы ат салысып сұрақтарға жауап беріп астан дәмнен ауыз тиді.




2.02.күні Байтурина Гульнар Турсыновна 7 «А» сыныбында қазақ әдебиеті пәнінен «Көксерек» әңгімесінің кейіпкер бейнесі тақырыбында талдау сабақ көрсетілді. Мұғалімнің сабағына мектеп ұстаздары қатысып тәжірибе алмасты. Мұғалім өз сабағында оқытудың жаңаша әдіс – тәсілдері мен Жи платформасын тиімді пайдаланды. Сабақ барысында топпен жұмыс, жұппен жұмыс, жеке жұмыс жасады. Үй тапсырмасына Wordwall платформасымен берілді. Топтық жұмыста 4 топқа 4 түрлі тапсырма берілді. Комикс, Т кестесі, жақты кесте, Персонаждық эмпития әдісі мен тапсырмалар орындады. Жұптық жұмысқа «1 пікір, 3 дәлел» әдісі бойынша тапсырма берілді. Жеке жұмысқа «Стоп кадр» әдісі арқылы тапсырма берілді. Сабақ соңында перамида әдісі арқылы оқушылар кері байланыс жасады. Сабақ барысында мұғаліммен оқушылар арасында жылы қарым – қатынас болды. Сабақта оқушылар шығармашылық жұмыс жасап, жауапкершілікпен және қызығушылықпен орындап отырды. Сабақ өз мақсатына жетті.




3.02. күні Нұрмұханова Әсел Қайратқызы 5 «А» сыныбымен қазақ әдебиеті пәнінен «Менің атым – Қожа» дайындықсыз келген бір күн тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ жоспары жүйелі құрылған, түрлі әдес – тәсілдер қолдана отырып, сабақ мазмұнын толық ашу арқылы, оқушылар өз пікірін, ойын ортаға сала білді. Оқушылармен топтық, жұптық, жеке жұмыста болды. Дайын жауап әдісі арқылы психологиялық ахуал өткізді. Оқушыларды 3 топқа бөлді. «Кроссепс» әдісі арқылы үй тапсырмасы сұралды. Кюар арқылы тапсырма берілді. Жеке жұмысқа «Сикырлы қаламсап» әдісін алды. Оқушылар сұраққа толық жауап берді. Сабақ соңында кері байланыс жасалды. Оқушылар өз алған білімдерін көрсетті. Ыждахаттылықпен тапсырмаларды күтіп отырды. Қамтылмай қалған оқушы болмады. Сабақ өз деңгейінде болды. Мұғалім сабақ мақсатына жетті.



3.02. күні 8 «А» сынып оқушыларымен Абильдина Гульнара туршановна орыс тілі мен әдебиеті пәнінен SAMR түрінде ашық сабақ өткізді. Сабақ жоғары деңгейде болды. Мұғалім өзінің қойған мақсатына тапсырмалар арқылы жетті. Оқушыларға шығармашылық тапсырма берілді. ЖИ жасанды интелектің түрлі платформаларын сабақтың өн бойында пайдаланды. Мысалы смартфон арқылы үй тапсырмасын орындады. Кюар арқылы сабақтың тақырыбына байланысты Океан сөзіне жаңа сөздер жазып мұғалімнің смартфонна жіберіп отырды. Видео ролик көрсетіліп, Жұптық жұмыс орындалды. Топпен, жұппен, жеке жұмыстар болды. Сабақтың өн бойында жи – ді пайдаланды. Оқушылар сұрақтарға толық жауап беріп отырды. Сабаққа белсене қатысты. Мұғалім өзінің мақсатына жетті.



4.02. күні Ибраев Шыңғыс Айбарұлы 6 «А» сыныбымен Қазақстан тарихы пәнінен «Ақорда» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта мұғалім түрлі жаңа платформалар пайдаланды. Сабақта ұлттық құндылық толық меңгерілген. Топқа «Сикырлы оюлар» әдісі арқылы бөлді. Үй тапсырмасында Ақ сүйек ойыны арқылы ойналды. Жаңа сабақта Видеоролик көрсетіліп жеке жұмыс берілді. Жеке жұмыстан кейін топтық содан кейін жеке жұмыс жасады. Оқушылар белсене қатысып өз ойларын еркін жеткізді. Берілген тапсырмаларды ыждахаттылықпен орындады. Кері байланыс жасалды. Сабақта мұғалім мақсатына жетті.



5.02. күні машықтанушы Ахметова Жанерке Габитовна 10 сыныппен «Who says stress is bad for you?» ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты айтылып оқушылардан үй тапсырмасы сұралды. Сабақта түрлі жаңаша платформаларымен тапсырмалар берілді. Сабақта Топтық, жұптық, жеке жұмыстар берілді. Оқушылар ағылшынша еркін сөйлей алды. Тапсырмаларды толық орындап шықты. Машықтанушының сабағы өз деңгейінде болды. ЖИ платформасын жақсы падаланады. Оқушылар сабақ соңында кері байланыс жасады.



### Апталықта ашық сабақтарда жазба жұмыстарының орындалуы

Апталық барысында оқушылардың жазба жұмыстары бақылауға алынды. Жазба жұмыстарын орындау оқу бағдарламасына және ҚМЖ талаптарына сәйкес жүзеге асырылған. Оқушылардың көпшілігі тапсырмаларды толық әрі уақытында орындаған. Орфографиялық және пунктуациялық қателермен жұмыс жүргізіліп, мұғалімдер тарапынан кері байланыс берілген.

**Пәндердің берілуі.** Сабақтарда оқу мақсаттары нақты қойылып, мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған. Әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуы, мәтінмен

жұмыс түрлерінің әртүрлілігі және сараланған тапсырмалардың берілуі пәндердің сапалы оқытылуына ықпал етті.

**Дәптерлердің жүргізілуі.** Оқушылардың дәптерлерін жүргізу барысында белгіленген талаптар негізінен сақталған. Күн мен тақырыптың дұрыс рәсімделуі, жазбалардың ұқыптылығы, тапсырмалардың жүйелі орындалуы байқалады.

2-6.02 аралығында «ой сергітер үзіліс» тақырыбында ұстаздар мен оқушылармен түрлі пәнге байланысты тренд тер түсірілді. Айта кетер болсам 10 сынып оқушылары 5-7 сыныптар арасында ертегі қойылымдарын дайындап оқушылар сомдап шықты. «Колобок», «Красная шапочка», «Репка» ертегілері бастауыш сынып оқушыларын ақойылды. Орыс ақындарының өлеңдері ұстаздарға оқылды. Қазақ тілі пән мұғалімдері оқушыламен бірігіп Кітап оқитын ұлт жобасына байланысты «Бізден сұрақ сізден жауап айдарында видео ролик түсірді. Репартаж жасалды. Қазақ ақындарының өлеңдерін үзілісте ұстаздарға оқылып берілді. Оқушыларға қазақ ақындары мен батырларының суреттерін көрсету арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып суреттегі кейіпкерді тауып айтып берді. Осы шағын үзілістегі шараларға оқушылар мен ұстаздар белсене атсалысты.

6.02 күні апталықтың жабылуы өтті. Концерттік бағдарлама қойылды. Оқушылар Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ән айтылып би биленді. Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасына байланысты қойылым болды. Соңында оқу завучтары мен тәрбие завучы сөз сөйледі. Апталық өз деңгейінде өтті. Күн сайын сайттарға салынып отырылды. Атсалысқан оқушылар марапатталды.





## Қорытынды

Жалпы алғанда, гуманитарлық пәндер апталығы жоспарға сай жоғары деңгейде өтті. Жазба жұмыстарының орындалуы, пәндердің берілуі және дәптерлердің жүргізілуі қанағаттанарлық деңгейде. Апталық барысында өткізілген ашық және талдау сабақтары оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, пәнге қызығушылығын күшейтуге оң әсерін тигізді.

Алдағы уақытта жазба жұмыстарындағы сауаттылықты арттыруға бағытталған тапсырмаларды көбейту, дәптер жүргізу талаптарын күшейту және тиімді әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану ұсынылады.

**ӘБ жетекшісі: Байтурина Г.Т**